

2

Өңір халқы бірліктің үлгісін көрсетті



4

Әр өрнекте мән бар



# Сыр бойы

№40 (21115) 17 наурыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

## ОТАН ТАҒДЫРЫНА ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум өткен күні түнде «Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін мәлімдеме жасады.

– Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі

тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жанару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаның дауысы жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

– Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл – өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде Өркендеу бар. Елдің қуаты – бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция – еліміздің темірқазығы.

– Жаңа Конституция – Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата Заңымыз – адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасалды. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркендетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естіді. Өрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«...Қызылордаға келіп тұрып Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселені халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір «Көкарал» бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады».

Президенттің V Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінен

## ТЕҢІЗ ТАБАНЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Арал тағдырын, тартылған теңіз жайын ұдайы назарда ұстайтын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай жағдайға жиі қолдау білдіріп келеді. Халықаралық экологиялық жиындарда, көрші мемлекет басшыларымен өткен кездесулерде Арал ахуалын ұдайы сөз етіп жүр. Теңізді суландырудан бөлек, бұған дейін құрғаған ұлтанды да қараусыз қалдырмау жайлы тапсырма бергені белгілі. Бес жыл бұрын Арал теңізі табанына 1,1 млн гектар орман екпесін отырғызу керектігін айтқан Мемлекет басшысының жобасы 2021-2025 жыл арасын қамтуы тиіс болатын. Аталған мерзімде кепкен ұлтанды қандай жұмыстар жүрді? Көшкен құм мен ұшақ тұздың алдын алу жайы алдағы уақытта қалай болмақ?

3-бет



## «ҰЛТ УЫЗЫ» ЭТНОФЕСТИВАЛІ

«Наурызнама» онкүндігі бойынша 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Атаулы күнге орай «Анаға тағзым» орталығында «Ұлт уызы» этномәдени фестивалі өтті. Мерекелік іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, тұрғындарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Этнофестивальға қалаға қарасты Тасбөгет, Белкөл кенттері мен Ақжарма, Қызылөзек, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Талсуат және Қосшынырау ауылдық округтерінің өнерпаздары қатысты. Өн-жыр әуелеп, көркем бимен көмкеріліп, көздің жауын алар көлөнер туындыларының көрмесі жасалған салтанатты шарада ұлттымыздың мәдени құндылықтары ұлықталды.

Ең әуелі салтанатты шеруден бастау алған қойылымда елдің ғырыс-несібесін бір тайказанға толтыру арқылы ауызбірлік пен ынтымақ ұғымын көрсетті. Сонымен бірге, Қыдыр ата, Ұлт анасы кейіпкерлері жас жеткіншекке бата беріп, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеді.

Ұлттық тағамдар көрмесінде мерекенің ұсты мәзірі – Наурызкөжемен бірге, ұмыт бола бастаған ұлттық тағам түрлері таныстырылды. Бұдан бөлек, қатысушылар бір мезетте самаурын қайнатып, қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлық мәдениетін көпшілікке танытты.

Этнофестивальдің «Наурыз-думан» атты қорытынды кезенінде өнерпаздар шығармашылық қабілетімен бақ сынасты. Сондай-ақ креативті кәсіпкерлердің көрме жәрмеңкесі, колөнершілердің шеберлік сағаттары ұйымдастырылды.

Фестиваль қорытындысымен қатысушыларға алғыс хат және арнайы аталымдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

«СБ» ақпарат



Суретті түсірген Нұрболат Нұржақыбай

## РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ТАБЫСТЫ ӨТҮІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентімен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша референдумның табысты өтуімен құттықтады.

Өзбекстан Президентінің айтуынша, референдум нәтижесі Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан ауқымды реформаларға Қазақстан халқы зор сенім артағанын көрсетеді.

Мемлекет басшысы қолдау білдіріп, халықаралық ұйымдар құрамында Өзбекстаннан байқаушылар миссиясын жібергені үшін Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституция заман талабына сай келетініне, сондай-ақ мемлекеттің орнықты және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететініне назар аударды. Елімізде жүргізілетін алдағы жаңғыртулар кезінде халықаралық серіктестермен, әсіресе, көршілес және одақтас елдермен ынтымақтастықты нығайтуға айрықша мән беріледі.

Тараптар стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы қазақ-өзбек қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген келісімдер мен Жоғары мемлекетаралық кеңес шешімдерінің іске асырылу барысына оң баға беріп, барлық деңгейдегі ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласты.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін пысықтады.

## АЙМАҚ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ РЕФЕРЕНДУМҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев №375 референдум учаскесінде Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты республикалық референдумда дауыс берді.

– Бүгін таңертен №15 мектеп-лицейінде орналасқан өз референдум учаскемде дауыс бердім. Облыс бойынша 378 референдум учаскесі бар.

Дауыс берушілерге ыңғайлы болу үшін 179 онлайн сервис, уақытша тіркеу қызметін атқаратын 5 онлайн учаске іске қосылған. Азаматтар өз учаскесін 4 платформа арқылы біле алады.

«Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасындағы <https://referendum.orda.gov.kz> сайты және арнайы телеграм боты үздіксіз жұмыс істейді.

Азаматтар сайтқа кіріп, өз учаскесі, референдум комиссиясының мекенжайы, байланыс деректері және комиссия мүшелерінің құрамы туралы ақпарат алады. Сондай-ақ 109 қызметінің диспетчерлері де сауалдарға жауап беруге дайын.

Ертемен учаскелерде жұмысын бастаған азаматтардың еңбегіне алғысымды білдіремін, – деп жазды аймақ басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қызылорда облысында 378 учаскеде 2642 комиссия мүшесі

қызмет атқарды. Қызылорда қаласында 126 учаске бар, қалғаны аудандарда орналасқан.

Учаскелер таңғы сағат 6.00-де ашылды. Дауыс беру таңғы сағат 7.00-ден басталып, 20.00-ге дейін жүргізілді.

Қимыл-қозғалысы қиын мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдау үшін 67 инвалитас, 49 учаскеде сурдоаудармашылар ымдау тілі қызметін көрсетті.

Орталық референдум комиссиясы жариялаған алдын ала деректерге қарағанда, қызылордалықтар Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты референдумға белсенді қатысып, маңызды саяси науқанда ел ертеніне бейжай қарамайтынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

«СБ» ақпарат



Суретті түсірген Бағдат Есжанов

Валюта бағамы: \$ 491,29 kzt € 562,92 kzt ₸ 6,1 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +12° 🌙 +1° | Сәрсенбі ☀️ +15° 🌙 +1°

# ОТАН ТАҒДЫРЫНА ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекет басшысы сондай-ақ «Қазмедиа» орталығында республикалық референдум аясындағы үгіт-насихат науқанына белсенді қатысқан жастармен кездесті. Президент бүгін тарихи күн екенін атап өтіп, жастарға ризашылығын білдірді.

1-бет

Енді 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленеді. Бұл – еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жаңа Конституция, ең алдымен, жастарға арналғанына назар аударды. Ата Заңға волонтерлік қызмет, ғылым, инновация, жасанды

интеллект сияқты ұғымдар енгізілгеніне тоқталды.

– Аукымды үгіт-насихат науқаны жүргізілді. Алдымызда жұмыс көп. Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Агерке Ескендірова, креативті индустрия өкілі, кәсіпкер

Камиль Байрамов, бүлсенді жастар Ержан Хамитов пен Нұрбол Серікбай сөз сөйледі.

Жастар бір ай ішінде түрлі форматта 5 мыңға жуық кездесу өткізіп, оған 1,5 миллионнан аса азамат қатысқанын жеткізді. Сондай-ақ елімізде қолға алынған өзгерістердің барлығын қолдайтынын айтты.

# ӨҢІР ХАЛҚЫ БІРЛІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

Кешегі өткен ел өміріндегі қоғамдық-саяси науқанды Сыр халқы бірлікпен атқарғаны белгілі. Өңірде 378 дауыс беру учаскесі таңғы сағат 07:00-де өз жұмысын бастап, тұрғындарды қабылдауға кірісті. Мұнда 2642 комиссия қызмет атқарды. Бақылаушылар тарапынан референдум ашықтығы, заң талаптары қатаң қадағаланды. Барлық 378 учаскенің 126-сы Қызылорда қаласында, қалғандары аудандарда орналасқан. Дауыс беру кешкі сағат 20:00-де аяқталды.



Облыстық сайлау комиссиясының мәліметінше, аймақта азаматтардың учаскесін анықтауға арналған 179 онлайн-сервис жұмыс істеген. Сондай-ақ азаматтарды уақытша тіркеу қызметімен айналысатын 5 онлайн учаске құрылған. Сондай-ақ облыста қимыл-қозғалысы қиын мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдау үшін 67 инвотакси мен 49 учаскеде сурдоаудармашылар қызмет көрсеткен.

Жалпы бұл күні қала мен аудандардағы көптеген учаске маңында мерекелік көңіл күй қалыптасып, спорттық сайыстар мен мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әжелер ансамбльдері өнер көрсетіп, жергілікті өнерпаздар ән мен жырдан шаңу шашты. Ел ішіндегі өнегелі әулет өкілдері бір уақытта келіп, өз таңдауларын жасап жатты. Сондай-ақ облыс атын танытып жүрген спортшылар, мәдениет және әлеуметтік сала қызметкерлері, түрлі еңбек ұжымдарының өкілдері де қалыс қалмады. Азаматтық ұстанымдарын білдіріп, ел болашағына қатысты дауыс берді.

**ҚЫЗЫЛОРДА** қаласында референдум учаскелерінде тұрғындар таңғы уақыттан бастап белсенділік танытып, ел болашағына қатысты маңызды шешімге үлес қосты. Өсіресе жастар мен аға буынның белсенділігі ерекше байқалды.

Бұл күні тек саяси науқан ғана емес, халықтың бірлігі мен ортақ жауапкершілігі көрініс тапты. Қаладағы дауыс беру учаскелерінде мерекелік көңіл күй әсерлі сезілді. Мәселен, №199 референдум учаскесінде дауыс беру процесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Таңғы сағат 07:00-де учаске өз жұмысын бастап, комиссия мүшелері азаматтарды қарсы алып, дауыс беру тәртібін түсіндірді. Барлық учаскеде тұрғындарға ұлттық дәмдер ұсынылды.

Саяси науқанда қазақ күресінен Әлем чемпионы, Әлем кубогінің иегері, «Еуразия Барысы» турнирінің жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрым Сәлімгереев өз таңдауын жасады. Танымал спортшы саяси науқанда әрбір азаматтың дауысы елдің ертені үшін аса маңызды екенін атап өтті. Тынғымсыз еңбек үстіндегі «Қызылорда тазалығы» мекемесінің тазалықшылары да бекітілген учаскеге келіп, дауыс берді.

Ал №200 референдум учаскесінде дауыс берушілерді есік алдынан роботтар күтіп алып, келушілерге жол сілтеп, сәттілік тіледі. Бұл – IT мектептің тосын сыйы болды.

Қалааралық бағытта автобус жүргізетін Раушанбек Дәлілбаев саяси науқаннан қалыс қалмай, өз таңдауын жасады.

– Ел өміріндегі маңызды науқаннан тыс қалмай, референдумға қатысуды көптен бері жоспарлап жүрдім. Сегін салып, бүгін туған жерге табаным тиді де, бірінші кезекте үйге емес, референдум учаскесіне келдім. Сөйтіп, өз таңдауымды жасалдым. Бұл – әр азаматтың ел тағдырына деген жауапкершілігі деп білемін. Өйткені менің дауысым – болашаққа деген сенімнің айғағы, – дейді ол.

Сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты референдум учаскелеріне келе алмаған тұрғындардың дауыс беруіне арнайы жағдай жасалды. Комиссия мүшелері алдын ала түскен өтініштер негізінде жылжымалы референдум жөшігін алып, азаматтардың үйлеріне барып, дауыс беру процесін ұйымдастырды.

**АРАЛ** ауданында бірақтар референдум учаскелерінде алғаш келушілерге, 18 жасқа толған тұңғыш таңдау жасаушыларға арнайы сыйлық табысталды. Бұл бастама халық белсенділігін арттыруға ықпал еткендей.

Ауданға қарасты Мергенсай ауылдық округіндегі №23 референдум учаскесіне бір мезетте Раевтар әулетінің 9 келіні келіп өз таңдауларын жасады. Учаскеге әзірленіп келген әулет келіндері ел болашағы үшін жасалып жатқан саяси науқанда осылайша ауызбірлік танытты. Сондай-ақ аудандағы кейбір учаскелер жүріп-тұруы қиын карт кісілердің үйден дауыс беруіне мүмкіндік туғызыпты.

**ҚАЗАЛЫ** ауданындағы әр дауыс беру учаскесі мерекелік көңіл күйге толы болды. Мұнда «Наурызнама» онкүндігімен үйлестірілген түрлі шаралар легі өтті. Этноауыл ұйымдастырылып, ұлттық дәм түрлері әзірленген. Ұлттық киім киген аналар мен қариялар қатары тіптен мол. Ал Аранды ауылдық округіндегі №72 референдум учаскесінде бір көшеде тұратын келіндер ауызбірліктің үлгісін көрсетіп, дауыс беру учаскесіне бірге келген. Өз таңдауларын білдірген.

Жергілікті тұрғындармен бірге осында тұрып жатқан түрлі этнос өкілдері де референдумда дауыс берді. Сондай-ақ аудандық ауруханада ем алып жатқан 162 дауыс берушіге жылжымалы дауыс беру жөшігі жеткізіліп, азаматтар республикалық референдумнан қалыс қалмаған.

Айта кетейік, референдум күні Қазалы аудандық көпбейінді орталық аурухананың перзентхана бөлімінде екі нәресте дүниеге келді. Қазіргі таңда сәбилер мен олардың ата-аналарының жағдайы бірқалыпты.

**ҚАРМАҚШЫ** елінде республикалық референдумға қатысушылардың қарасы көп болғандай. Ауыл ақсақалдары мен ақ жаулықты аналардан бастап, жас буынға дейінгілер

саяси науқанда сергектік танытты. Ұлттық нақыштағы киім киген қармақшылықтар өз учаскелерінде таңдау жасаған.

Аудан орталығы – Жосалы кентіндегі №95 референдум учаскесі алдында жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдардың концерті ұйымдастырылды. Бұдан өзге радио-концерт арқылы тұрғындар ұлттық ән мен күй тыңдап, жергілікті өнерпаздардың өнерін жақсы әсермен тамашалады. Қосымша ұлттық спорттан сайыстар да өтті.

Ал ШІ Интернационал ауылындағы Мәдениет үйінде орналасқан №106 референдум учаскесі дауыс берушілерге ұлттық тағамдарды және дәстүрлі мәдениетті дәріптеуге арналған мерекелік жәрменке өткізген. Шарада ауыл тұрғындары мен қонақтар түркі халықтарының дәстүрлі тағамдарынан дәм татты. Айта кетсек, бұл елді мекен – көпұлтты тұрғындары бар Қармақшы ауданының маңызды орталығы. Сондай-ақ ғарыш айлағының ордасы – Байқоңыр қаласындағы 11 референдум учаскесіндегі халық белсенділігі де жоғары болды.

**ЖАЛАҒАШ** ауданындағы әр мекеме бірауыздан референдумға қатысты. Ұжым болып, елдік ортақ іске белсенділік танытты, таңдауларын білдірді. Бұлардың қатарында орман шаруашылығы қызметкерлері, ауған және тәжік-ауған қаржыгерлері, ардагерлері, ақ халатты дәрігерлер мен ұстаздар, көпбалалы бағыр аналар мен жастар да бар.

Республикалық референдумға атсалысқандардың қатарында Қазақстанның Еңбек Ері Имамзала Шағыртаев та бар. Ол Таң ауылдық округіндегі №136 референдум учаскесінде өз таңдауын білдірді.

– Бұл референдумның маңызы зор. Елдің, өзіміз тұратын ауылдың болашағына тамшыдай болса да үлес қосамын деген әрбір адамда осындай түсінік қалыптасуы керек. Еліміз мұнан әр көркіміз, экономикасы дамып, әлеуметтің әлеуеті артады деп сенемін, – деген Еңбек Ері ел болашағы үшін дауыс беру әр азаматтың борышы екенін атап өтті.



Ауданда өткен республикалық референдум барысында барлық дауыс беру учаскелерінде арнайы фотоаймақтар қойылған. Дауыс беруге келген әр жалағаштық маңызды күнде арнайы безендірілген мұндай орында естелік суретке түсіп те жатты.

**СЫРДАРІЯ** ауданында да барлық тұрғындарға дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жоғары деңгейде өтті. Соның бірі – мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған инвотакси қызметі. Референдум учаскелеріне бара алмайтын азаматтар арнайы көлікпен жеткізіліп, өз таңдауларын жасады. Бұл – әрбір азаматтың конституциялық құқығын жүзеге асыруына жасалған маңызды қолдау. Игі істі аудан жастары ұйымдастырды.



Сондай-ақ тоғызқұмалақтан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бексұлтан Бостандықов референдумда өз таңдауын жасап, жастарды белсенді болуға шақырды.

Саяси науқанда «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы Әбсадықовтар отбасы да белсенділік танытып, дауыс берді. Өнегелі әулет елімізде берекесі ұйыған отбасы көп болғанын тілейді. Желел жәрдем қызметінің мамандары уақыттың тығыздығына қарамастан, азаматтық борыштарын орындауға мүмкіндік тауып, референдумға белсенді түрде қатысты.

Ауданда өтіп жатқан республикалық референдум аясында ұлттық дәстүрлі дәріптеуге бағытталған ерекше шара – «Бауырсақ рату» болды. Аудан тұрғындары бір алаңға жиналып, қазақтың ұлттық тағамын көпшілікке ұсынды. Шараға қатысқан ақ жаулықты әжелер

Атамыз бүкіл ғұмырын егін шаруашылығына арнап, күрші өсіруде рекордтық өнім алып, елге еңбегімен танылған адам. Ол кісі әрдайым адал еңбек етіп, халыққа қызмет көрсетуді өмірлік ұстаным еткен. Бүгін біз де сол өнегелі жолдың ізімен ел болашағы үшін маңызды саяси науқан – референдумға келіп, өз дауысымызды беріп отырмыз. Бұл – келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасалған маңызды таңдау деп білеміз, – дейді Гүлнәр Қитанбаева.

Аудандағы ірі өндіріс орындарының жұмысшылары да бір сәт уақыт тауып, таңдауларын жасауға асықты. «РУ-6», «Семізбай-У», «ГРП-23» өндірістік кәсіпорындары қызметкерлерін автобуспен және арнайы жұмыс киімімен келіп, референдумға қатысып, белсенділік көрсетті.

Сондай-ақ кентіндегі №293 референдум учаскесінде «Компания Гезуба Шиели Цемент» ЖШС-ның ұжымы өз таңдауларын жасады. Елдің болашағына бейжай қарамайтын кәсіпорын қызметкерлері азаматтық белсенділік танытып, маңызды саяси науқанға біркөксідей атсалысты.

**ЖАҢАҚОРҒАН** ауданындағы референдум учаскелерінде мерекелік көңіл күй таңертеңнен қалыптасты. Наурыз мейрамы, жәрменке және спорттық мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Аудан бойынша белгіленген референдум учаскелерінде дауыс беру науқаны талапқа сай жүргізілді. Учаскелерде тұрғындардың еркін әрі ашық түрде дауыс беруіне барлық жағдай қарастырылды.

Ауданға қарасты Жайылма ауылының «Жайылма жауарлары» әжелер ансамблі референдум учаскесіне келіп, өз таңдауларын жасады. Олар науқанға ұлттық киімде ән-жырдан шаңу шашып, ерекше салтанат түзді.

Түгіскен ауылында тұратын Атымтаевтар әулетінің келіндері бір мезетте референдум учаскесіне барып, бірдей дауыс берді. Бір отбасының мүшелері бірліктің көрсетіп, белсенді түрде қатысуы жөн санаған. Бұл сәт ауыл тұрғындарына да ерекше әсер қалдырды. Отбасының ынтымағы мен ауызбірлігін көрсетіп қана қоймай, өзгелерге де үлгі болды.

Ауданда жаналаң шаңырақ құрған жас жұбайлар Абуали Әзімханұлы мен Алтынай Мақсатқызы республикалық референдумда №340 сайлау учаскесіне келіп, дауыс берді. Олар осылайша ел ертенінің негізі қаланып жатқан сындарды сәтте азаматтық белсенділіктерін байқатты.

Ал Жаңарық ауылдық округінде еңбек және тыл ардагері, 93 жастағы әулет киесі Мақтағұл Сайдажиева ұрпақтарымен келіп, өз таңдауын жасап, ақ батасын берді.

Осылайша облыста дауыс беру процесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қоғамдық бақылаушылардың мәліметінше, ешқандай заңбұзылыстар болған жоқ. Сыр жұртшылығы ел тағдырына бейжай қарамай, бірлік пен жауапкершіліктің үлгісін көрсеткендей. Өйткені, әрбір дауыс ел ертеніне деген сенім мен жарқын болашаққа бағытталған маңызды қадам екенін анық.

**Ержан ҚОЖАС,  
Сара АДАЙБАЕВА  
«Сыр бойы»**





### ДАМУДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

Еліміз үшін маңызды саяси науқан – республикалық референдум өтті. Ел тұрғындары Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау үшін таңдау жасады.

Конституция – ел дамуының бағыт-бағдары, ұрпақ келешегінің кепілі. Қазіргідей әлемде геосаяси жағдай ұшығып тұрған уақытта ел тыныштығын, мемлекет тұрақтылығын сақтай отырып, келешекке қадам басудың маңызы зор. Бұл арада Президент әр сөзінде атап көрсеткендей, бізге заң мен тәртіп қағидаты аса қажет. Сондықтан тереңірек ойланып қарасақ, еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау тарихи әрі саяси маңызды қадам екенін түсінеміз.

Жалпы айтқанда, референдумға қатысу – әрбір азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін білдіретін маңызды қадам. Мемлекет тағдырына қатысты шешімдер қабылданатын сәтте халықтың белсенділігі аса маңызды. Әрбір азамат өз таңдауын жасап, елдің ертеніне бейжай қарамайтынын көрсетуі тиіс деп ойлаймын. Сондықтан осы күні мен де халықпен бірге азаматтық борышымды орындап, дауыс бердім.

Референдум нәтижесі көрсеткендей, ел таңдауын жасады. Ата Заңымыз қабылданды, алдағы ішкі дамуын бастап күшіне енеді. Мемлекет үшін маңызды құжаттың мазмұны халықтың өмір сүру сапасына, әділетті Қазақстан орнығуына қызмет етерін сенімдіміз. Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Абзал ЕРАЛНОВ,**  
Қазақстанның Еңбек Ері

### ЕЛДІКТІ ДӘРІПТЕГЕН АҒА БУЫН АЛҚАСЫ

Сыр өңірінде жаңа Конституция жобасына байланысты жалпыұлттық референдум жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Бұл еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды белестердің бірі ретінде бағаланады. Маңызды саяси науқан халқымыздың мемлекет тағдырына бейжай қарамайтынын, ел ертеніне деген жауапкершілікті терең сезінетінін тағы бір мәрте айқын аңғартты. Әрбір азамат дауыс беру арқылы өз таңдауын жасап, туған елдің болашағына деген сенімін көрсетті. Оны елдік мүддеге деген адалдықтың көрінісі деп бағалаймыз.



Атаулы күнде саяси шараға аға буын өкілдері мен ардагерлер белсене қатысып, елдік мәселеде өздерінің азаматтық ұстанымын білдіруге мүмкіндік алды. Қазыналы қарияларымыз ақыл-парасаты мен елді бірлікке үндеген өңегелі сөзі арқылы жас ұрпаққа үлгі болып, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың нығаюына зор үлес қосты.

Конституциялық реформа саяси тұрақтылық пен билік тепе-теңдігін нығайтады. Қазақстан Тәуелсіздік жылдары ішінде саяси тұрақтылық пен басқарудың тиімділігін қамтамасыз еткен мемлекеттік институттардың тұрақты жүйесін қалыптастырды. Сонымен қатар, өзгеріп жатқан халықаралық жағдай мен дамудың жаңа міндеттері саяси жүйені одан әрі жетілдіруді талап етеді.

**Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,**  
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы



### УАҚЫТ. ӨЗГЕРІС. ЖАҢАРУ

Жаңа Конституция жобасына қатысты жалпыұлттық референдумға ел азаматтарының белсене қатысуы келешекке деген сенімнің тағы бір мәрте дәлелі түсті. Оны Қазақстан үшін жаңа тарихи белес ретінде бағалап, тәуелсіз еліміздің жаңа бастауы деп қараймыз.



Айта кетсек, еліміздің басты құжатында адам құқығы мен бостандығы мұлтіксіз сақталатыны жазылған. Сондай-ақ мәдениет, білім, ғылым, инновацияны дамыту қоғам дамуының негізгі құндылығы ретінде белгіленген. Бұл жаңа Конституция жобасының тек қана құқықтық құжат емес, сонымен бірге елдің ұзақ мерзімді даму бағдарын айқындаған стратегиялық құндылықтар жүйесін екенін көрсетеді.

Мемлекет әрбір азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғап, жеке өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар заң алдындағы теңдік қағидасы күшейтіліп, азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды әділ қорғауды тиімді тетіктері қарастырылған.

Конституциялық реформаның тағы бір жаңғыру талабын қанағаттандыру үшін және халықаралық ахуалдың жылдам өзгеруіне жауап ретінде жасалып отыр.

Әр мемлекет өзінің институционалдық даму жолынан өтеді. Қазақстандағы өзгерістер мемлекеттік институттардың тұрақтылығын нығайтуға, өкілеттіктерді қайта бөлуге және билік жүйесін теңгерімді етуге бағытталған. Бұл әлемдік саяси модернизация тәжірибесіне сәйкес келеді.

**Жорабек НҮРЫМБЕТОВ,**  
облыстық мәслихат депутаты

### ОРТАҚ МҮДДЕ

Елдің болашағына қатысты маңызды шешімдерде әр азаматтың дауысы естілуі тиіс деп есептеймін. Дауыс беру арқылы мен тек өз пікірімді білдіріп қана қоймай, еліміздің дамуына бейжай қарамайтынымды көрсеттім. Әрбір кәсіпкер қоғамдағы өзгерістерге белсенді қатысып, елдің экономикалық әрі әлеуметтік дамуына үлес қосуы керек деп ойлаймын. Сондықтан мұндай маңызды сәттерде шет қалмай, азаматтық позиция таныту – баршамыздың ортақ міндетіміз.



Сол күні таңертең жолдасым екеміз №352 референдум уақытына барып, таңдауымызды жасалдық. Біз көбіне өзгерісті күтеміз, жақсы өмірді қалаймыз, бірақ сол өзгерістерге үлесімізді қосу әрдайым өз қолымызда екенін ұмытып жатамыз. Еліміздің тұрақты дамуы, әділ қоғам қалыптастыру, заң үстемдігі мен халықтың әл-ауқатын арттыру – баршамызға ортақ мақсат. Осындай мақсаттарға жету

жолында әрбір азаматтың пікірі маңызды рөл атқарады. Сондықтан маңызды науқандарда белсенділік таныту біздің азаматтық санамыздың көрсеткіші деп ойлаймын.

Меніңше, «менің дауысым ештенені өзгертпейді» деген ойдан арлыу керек. Керісінше, әрбір дауыс – өзгерістің бір бөлшегі. Бірігіп қабылданған шешімдер ғана елдің болашағын айқындайды. Сол себепті мен өз таңдауымды саналы түрде жасап, болашақ ұрпақ алдында жауапкершілікті сезіндім.

Барша қазақстандықтарды осындай маңызды сәттерде белсенді болуға, өз таңдауын жасауға шақырамын. Себебі біздің бүгінгі қадамымыз – ертенгі елдің келбеті.

**Дина МАХАТОВА,**  
«АС-КА» тігін фабрикасының директоры

### ТЕҢІЗ ТАБАНЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ



Суретті ашық дереккөзінен

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, біздің өңірде 7,3 млн гектар орман қоры бар. Оның 3,8 млн гектары – орманды алқап. Ал мұның 83 пайызы сексеуіл бұталары екені анық. Шөлді жерде орналасқандықтан, мұнда табиғатқа бейімделген өсімдіктер өседі.

– Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда Аралдағы құрғаған ұлтан көлемі 6 млн гектар, оның 2,8 млн гектары біздің республикаға тиесілі. Теңіздің тартылуы өткен ғасырдың 60-жылдары басталғанын ескерсек, ұшқан шап мен тұз халық денсаулығына соншалықты зардап әкелгені белгілі. Мұны тоқтатудың бір ғана нәтижелі жолы бар, ол – фитоорманмелиорация. Теңіз ұлтанына агротехникалық талаптарды сақтап, суарусыз және тұздалған топыраққа бейім сексеуіл, қарабарак, сарысазан сынды галофитті өсімдіктерді егу. Президент тапсырмасынан соң қазір Аралдың Қазақстан бөлігінде көп жұмыстар жүрді, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ғалымжан Еркебай.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысының бес жыл ішінде Арал теңізінің ұлтанына 1,1 млн гектар жерге сексеуіл егу тапсырмасы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Осы

жылдар аралығында облыстық деңгейде 432,5 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстар толық атқарылған.

Жалпы деректерге сүйенсек, 2021 жылға дейін теңіз ұлтанындағы 192,8 мың гектарға ормандандыру жұмыстары жүрген. Оның ішінде 2004 жылы Аралды құтқару қоры гранты есебінен 1,1 мың, 2005-2006 жылдары Германия ынтымақтастық ұйымы GIZ грант есебінен 1,3 мың гектар сексеуіл отырғызылған. Ал 2008-2014 жылдары Қазақстан, Дүниежүзілік банк және Ғалымдық экологиялық қоры арқылы қаржыландырылған «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасымен 57,4 мың гектар жерге сексеуіл көшеті егілген. Сондай-ақ салалық министрлік қолдауымен 2018-2020 жылдары Оңтүстік Корея республикасының қайтарымсыз қаржысы есебінен «Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу» жобасы жүзеге асты. 13,3 мың гектар жерге 5 млн көшет егілген.

– Өңірдегі орман алқаптарын қажетті қошеттермен қамтамасыз етуге жыл сайын 8 орман шаруашылығы мекемесінде уақытша тұқымбақтар ұйымдастырылды. Ал құрғаған ұлтанға егілетін сексеуіл көшетін өсіру үшін Қазалы орман мекемесінің аумағында 33,5 гектарлық орман

тұқымбағы пайдаланылуда, – дейді басқарма басшысы.

Облыстағы салалық басқарма атқарған шаруалардан бөлек, республикалық бюджет есебінен жүрген жұмысқа кезек берсек. Президент пәрменімен теңіздегі 1 001 859 гектар (169 587 гектар көшет, 576 131 гектар тұқым себу, 256 141 гектар жәрдемдесу) жерге мелиорациялық жұмыс жүрген. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Мараг Нұрмағамбетовтің айтуынша, аталған жұмыстар 2021 жылы 101,1, 2022 жылы 250, 2023 жылы 193,2, 2024 жылы 127,7 және 2025 жылы 329,8 мың гектар ұлтанды қамтыған көрінеді.

– Жыл басынан бері теңіз табанындағы 115 мың гектар жерге галофитті өсімдіктер тұқымды себілуде. Қазір 61 мың гектардан асты. Наурыз айының соңы мен сәуір айының басында 12 мың гектар жерге сексеуіл көшеті отырғызылды деп жоспарлануда, – дейді инспекция басшысы.

Айтпақшы, министрлік бұйрығымен 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін елдегі орман қоры жерінде сексеуілді кесуге тыйым салынған. Осы арада былтыр аумақтық инспекция, «Барсақалмес» мемлекеттік табиғи қорығы және орман шаруашылығы мекемелері қызметкерлері 517 рейд жүргізген.

– Былтыр сексеуілді заңсыз кесудің 4 жағдайы тіркелді, 3 азаматқа әкімшілік хаттама толтырылып, жинақталған құжаттар сотқа жолданған. Сот шешімімен олар кінәлі деп танылды. Орман қорына келтірілген залал толық өндірілді. Сондай-ақ инспекция қызметкерлері мемлекеттік орман қорынан тыс жерде сексеуіл ағашын заңсыз сындырған 4 азаматты анықтады. Ал заңсыз тасымалдау бойынша 3 дерек белгілі болып, ол бойынша кінәлі азаматтар әкімшілік айыппұл арқалады, – дейді М.Нұрмағамбетов.

Сексеуіл түбіне балта шауып, жеке бас пайдасына жаратып жүргендер әлі де жоқ емес. Быыл сексеуілді заңсыз иеленудің 3 жағдайы анықталған. Оларға хаттама толтырылып, құжаттар сотқа жолданыпты. Кінәлілерге әкімшілік айыппұл салынып, заңсыз алынған сексеуіл мемлекет пайда-сына тәркіленген.

**Ержан ҚОЖАС,**  
«Сыр бойы»

### ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛЫ

Табиғаттың ажырамас бөлігі болып саналатын құстар зиянкестерді азайтып, экожүйенің тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Оларға арналған ұя жәшіктерін (скворечник) орнату – қорғаудың тиімді тәсілі. Мұндай жәшіктер әсіресе торғай, қараторғай, шымшық сияқты ұсақ құстар үшін өте пайдалы.



және қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы айтылды.

«Құстарға қамқор болайық!» акциясы алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

**Фатима ӘНЕСОВА,**  
«Барсақалмес» мемлекеттік табиғи қорығының қызметкері

### Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

**E-mail: sm-jarnama@yandex.kz**



